

С.А. Жиренов¹ , З.Б. Кулманова^{2*} 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Алматы, Қазақстан

*e-mail: family-jan@mail.ru

ҒАЛАМНЫҢ ДІНИ БЕЙНЕСІНІҢ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Мақалада адам санасында қалыптасқан «ғаламның діни бейнесі» мен оның тілдік көрінісі қарастырылады. «Ғаламның бейнесі» және «ғаламның діни бейнесі» бір-бірінен өзгеше, өзіндік ерекшелігі бар екі түрлі таным болып табылады. Бірі, материалдық санаға қалыптасқан заттық ғаламның бейнесі болса, екіншісі Құдай және оның тылсым күшіне негізделген ғаламның руханилық бейнесі болып табылады. Кез келген адамның санасында қалыптасқан «діни сана» оның ұлттық ділі, тілі, болмысы арқылы көрініс тауып, сол ұлттың «ғаламдық діни бейнесі» болып табылады. Діни лексиканың лингвофилософиялық семантикасы арқылы «ғаламның діни бейнесінің» өзіндік құндылығын анықтауға болады. Осы тұрғыда теолингвистика саласы сакралды діни лексика, діни мәтіндер құрамын талдау үшін ерекше теолингвистикалық және семантикалық тәсілдер арқылы жүзеге асады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімдері, болмыс-бітімі, әлемге көзқарасы әуелде Тәңіршілдік, кейінірек Ислам діні негізінде қалыптасты. Қазіргі уақытта қоғамдық ортадағы өзекті болып отырған дәстүрлі дініміздің тұрақтылығын тілмен сабақтастықта қарастыру арқылы, «ғаламның діни бейнесін» лингвофилософиялық аспектіде арнайы зерттеуді қажет етеді.

Тірек сөздер: ғаламның бейнесі, ғаламның діни бейнесі, діни лексика, семантика, салт-дәстүр, тілдік көрініс, теолингвистика, діни таным, сөз құдіреті, суггестия.

С.А. Жиренов¹, З.Б. Кулманова^{2*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан;

²Казахский национальный консерватория имени Курмангазы, Алматы, Казахстан

*e-mail: family-jan@mail.ru

ОТРАЖЕНИЕ ЯЗЫКА В РЕЛИГИОЗНОЙ КАРТИНЕ МИРА

Обращение к религиозной картине мира обусловлено тем, что религия, являясь традиционной формой мировоззрения, приобретает сегодня в мировом пространстве новое духовное начало. Религиозная картина мира исходит из различия бытия самого по себе и существования, т.е. мира, обладающего бытием в силу его сотворенности. Религиозная картина мира дуалистична, поскольку она противопоставляет абсолютное, сверхъестественное бытие, торжественное с Богом, всему многообразию естественных вещей, наделенных бытием. Признавая существующую роль религиозного сознания в жизни человечества, а также анализируя религиозную лексику можно определить национальные ценности и сознание народа. В основе религиозного сознания лежит религиозная картина мира, служащая критерием сущности языка и религии. В связи с этим, теолингвистика требует анализа сакральной религиозной лексики и религиозных текстов. Образ жизни, обычаи, верования, быт, мировоззрение казахского народа формировались на основе тенгризма и ислама. Учитывая устойчивость нашей традиционной религии, актуальной в настоящее время в общественной среде, в преемственности с языком, «религиозный образ мироздания» требует специального изучения в лингвофилософском аспекте.

Ключевые слова: картина мира, религиозная картина мира, религиозная лексика, семантика, традиции, отражение языка, теолингвистика, магия слова, суггестия.

S.A. Zhirenov¹, Z.B. Kulmanova^{2*}

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan;

²Kurmanqazy Kazakh National Conservatory, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: family-jan@mail.ru

LANGUAGE REFLECTION IN A RELIGIOUS PICTURE OF THE WORLD

Abstract. The appeal to the religious picture of the world is due to the fact that religion, being a traditional form of worldview, is acquiring a new spiritual beginning in world space today. The religious picture of the world proceeds from the difference between being in itself and existence i.e., a world possessing being by its creation. The religious picture of the world is dualistic, since it contrasts the absolute, supernatural being, solemn with God, to the whole variety of natural things endowed with being. By recognizing the existing role of religious consciousness in the life of mankind, as well as analyzing religious vocabulary, one can determine the national values and consciousness of the people. The basis of religious consciousness is the religious picture of the world, which serves as a criterion of the essence of language and religion. In this regard, theolinguistics requires an analysis of sacred religious vocabulary and religious texts.

Keywords: picture of the world, religious picture of the world, religious vocabulary, semantics, traditions, reflection of the language, theolinguistics, word magic, suggestion.

Кіріспе

Адамзат баласы өзінің жаратылыс болмысын, тіршілік етіп жатқан ортасын, өмір сүрудің заңдылықтарын, жұмыр жер бетінде жүріп-тұру қағидаттарын, оңы мен солын, алды мен артын танып білуді өзін қоршаған ортамен қатар, табиғат құбылыстарымен сәйкестендіріп барып, санада тұтас ғаламның бейнесін қалыптастырған. Адам – табиғаттың ажырамас бір бөлшегі, жаратылысы ерекше жан иесі. Осы тұрғыдан ХХ ғасырдың аяғынан бастап, лингвистика іліміндегі антропоэзектік парадигма аясындағы «Ғалам бейнесі», «Ғаламның тілдік бейнесі» мәселелеріне ерекше қызығушылық туындады. Ғылымдағы «ғалам бейнесі» жалпы да жалқы ұғым. Жалпылығы адамзат баласына ортақтығы болса, жалқылығы адамзат баласының ғаламды танудағы ерекшелігіне байланысты. «Ғалам бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі» – лингвофилософиялық категория. Адам санасындағы ғалам бейнесі әр ұлтта әр түрлі болады. «Дүниедегі заттар мен құбылыстар, уақыт пен кеңістік жер бетіндегі тіршілік ортасы адамзатқа ортақ болғанымен, әр этнос сол заттар мен құбылыстарды, уақыт пен кеңістікті өз мәдениетіне, танымына, болмыс-бітіміне сай қабылдайды. Ғалам бейнесі – адам баласының әлемді тануының көрсеткіші» (Жиренов, 2011: 70).

Әр адамның санасында ғаламның бейнесіне қатысты өзіндік ерекшеліктері болғандықтан «Ғалам бейнесін» тұтастай тану мүмкін емес. Ғалам бейнесін тану үшін оның үзіктерін, жекелеген бөлшектерін, дербес фрагменттерін жеке-дара қарастыру арқылы, оның тұтастай болмысын тануға болады. Осы жағынан келгенде «ғалам бейнесі», яки «ғаламның тілдік бейнесі» қазақ лингвистикасында әралуан аспектіде қарастырылу үстінде. Қазақ тілтануында «ғалам бейнесі» «ғалам бейнесіндегі тілдік тұлға болмысы», «ғаламның паремеологиялық бейнесі», «ғаламның фразеологиялық бейнесі», «поэтикалық мәтіндегі ғалам бейнесі», «ертегілердегі ғалам бейнесі», «мифологиядағы ғалам бейнесі», «публицистикадағы ғалам бейнесі», т.б. секілді қоршаған ортаның әралуан құбылыстары жан-жақты қарастырылуда. Ғылымдағы ғалам бейнесін тұтастай тану үшін кешенді зерттеуді қажет етеді. Ғалам бейнесін танудың бір жолы ретінде «ғаламның діни бейнесін» атап өтуге болады. Ғалам бейнесі үлкен уақыт пен кеңістіктен тұрады десек, сол кеңістіктің үлкен бір бөлігін діни кеңістік құрайды. Діни кеңістікті тікелей теология ғылымы зерттейтін болса, оның тілмен сабақтастығын теолингвистика ғылымы қарастырады. Яғни теолингвистикалық аспекті негізінде «ғаламның діни бейнесін» зерттеу арқылы әлемнің тілдік болмысын тануға болады. Осы жағынан келгенде қазақ руханиятындағы діни кеңістіктің тілдік көрсеткішін «ғаламның тілдік бейнесін» анықтау арқылы көз жеткізуге болады. «Ғаламның бейнесі, адамның санасында оның білімі аясында туындайды. Материалдық заттардың санада көрінуі мен ситуациялардың эмоциональдық деңгейде қабылдануынан жеке адамның ғалам туралы түсінігі қалыптасады. Ал тіл – қарым-қатынас тірегі ретінде, адамдар арасындағы ғаламның бейнесінің алмасуын жүзеге асырады» (Колшанский, 1990: 15).

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімдері, болмыс-бітімі, әлемге көзқарасы әуелде Тәңіршілдік, кейінірек Ислам діни негізінде қалыптасты. Адамзат дүниетанымындағы діни сананы халықтың құдіретті тылсым күшке сенімі мен оның

зандылықтарын қарапайым тұрмыс-тіршілігінде ұстануынан байқауға болады. Қазіргі уақытта қоғамдық ортадағы өзекті болып отырған дәстүрлі дініміздің тұрақтылығын тілмен сабақтастықта қарастыру арқылы, «ғаламның діни бейнесін» лингвофилософиялық аспектіде арнайы зерттеуді қажет етеді.

Ғаламның діни бейнесі дегеніміз ғасырлар бойы адамзат дүниетанымында діни таным мен діни тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан, жалпы дүниенің болмысы мен заңдылықтарының адам санасында жаңғыруы. Ғаламның діни бейнесі адамның дүниені түсіндіруі, өзін-өзі түсіну әрекеті мен қажеттілігі негізінде пайда болған санадағы көрініс. Ол Құдайдың немесе Құдайлардың өмір сүруіне, оның табиғаттан тыс күш иесі екеніне сенімі негізінде қалыптасады. Діни таным мен оның заңдылықтары дін шеңберінде қарастырылып, тек адамның құдіретті күшке сенімі негізінде ғана санада «діни болмыс» қалыптасады. Ал, Құдайдың болмысы мен заңдылықтарына күмән келтірген тіршілік иесі үлкен күнәға батады, жазаға ұшырайды деген діни түсінік санада үнемі жаңғырып отырады, діни сананың ерекшелігін осы аралықтан көруге болады.

Материал және әдістер

Діни философияның (діни догмалардың) адам санасындағы бейнесін тіл философиясы аясында зерттеуге толық мүмкіндік бар. Дін өмір сүріп жатқан ортаның мәдени көрсеткіші ретінде күнделікті тілдік қолданыста айқын көрініс табады. Қазіргі уақытта дін философиясының тілдегі көрінісін зерттеуді, яғни діни элементтердің тілдік бірліктермен өрнектеліп қарапайым халық арасында қолданысқа түсуінің зерттелуін теолингвистика саласы зерттейді. Алайда бұл сала алғаш Ә.Қайдаровтың басшылығымен этнолингвистика ғалымдарының зерттелуімен де жақсы нәтижелерін беріп келген де еді. Ал, ХХІ ғасырда қазақ тіл білімі ғылымының қарқынды дамуы этнолингвистика саласынан теолингвистика саласының өз алдына жеке сала ретінде бөлініп шығуына алып келді. Теолингвистиканың басты зерттеу объектісі діни сананың тілдік санадағы көрінісі, діни тілдік бірліктердің адам санасында қалыптастыратын ғаламның бейнесі.

«Ғаламның бейнесі» және «ғаламның діни бейнесі» дегенде бір-бірінен өзгеше, өзіндік ерекшелігі бар екі түрлі таным (түсінік) орын алады. Нақтырақ айтқанда, қолмен ұстап, дәмін татып, құлақпен естіп, көзбен көруге болатын күнделікті тұрмыс-тіршілік болмысының көрінісі «ғаламның бейнесі» болып саналса, адам жанының тылсым күшке, тіршілік құпиясына күмәнсіз сенуі және әлем болмысын тіршіліктің ғажайып астары арқылы қабылдауы «ғаламның діни бейнесі» болып табылады. «Ғаламның бейнесі» туралы Ш.Бекмағамбетов: «Көз – айнала дүниені көріп-білудің, қабылдаудың, яки танудың негізгі құралы. Көз арқылы қабылданған дүние-ғалам, оның заттары мен құбылыстары адамзат санасында базистік сипаттағы негіз ұғымдар (логикалық ұғымдар) түрінде бейнеленіп, осы дүниетанымдық негіз ұғымдар ым-ишарат, әсіресе, қол қимылдары арқылы адамдар арасында қарым-қатынас жасау құралы қызметін атқарды. Біз бұл дәуірді *ым тілі дәуірі* деп атағанбыз» деуі әуелде адам қарапайым ғаламның бейнесін көзбен көру, санада ойлау арқылы қалыптастырса, алғаш сол ғаламмен қарым-қатынас әрекетін ымдау, ишарамен білдіру арқылы жасаған дегенге саяды (Бекмағамбетов, 1999: 18). Дәл осы «ғаламның бейнесін» қалыптастыру процесін (үрдісін) дүниеге жаңа келген сәбидің айналасын тануы мен сөйлесімге түсу талпынысынан көрінеді.

Әдебиетке шолу

Ғаламның діни бейнесінің санада қалыптасуын биологиялық концепциялар адамның биопсихологиялық үдерістерінен көрінеді. «Діннің негізі – діни инстинкт; «жеке адамды немесе топты сақтау түйсігімен жанасатын» және «өмір үшін күресте қару» ретінде жүретін діни сезім; «діншілдік гені» құрайды. Дін – бұл «ағзаның психофизиологиялық қызметі»; ол өмірдің кез келген жағдайларына ағзаның ерекше жауап қата білу үрдісінің шарықтау шегі» деп дінге анықтама береді (Байтенова, 2016: 67). Дін психологиясының негізін қалаушы –

америкалық философ У.Джеймс дінді жеке адамның психикасының эмоциялық күйі деп сипаттайды. Алайда бұл таза биологиялық түсіндірме және дін өкілдері бұл тарапты қолдамайтыны анық. Себебі бұның астарында «діни сананы» адамзат тіршілігінің қиын сәтінде жан-дүниесіне медеу табу мақсатында өзі қалыптастырған деуі - дінді мойындамауы мен ғаламның діни бейнесін адамзат ойдан құрастырды деген түсінікке алып келеді.

Әлбетте, ғаламның тұтас бейнесін, абсолютті болмысты толық тану мүмкін емес. Абсолютті болмысқа қатысты адамзат дүниетанымында екі түрлі түсінік бар. Дүниені толыққанды өз-өзімен тіршілік ете алатын биологиялық, физикалық, математикалық құбылыс деп қабылдаған адам – абсолютті болмысты тануда өз сана-сезімінің күшіне, ақыл-ойының мүмкіндігіне ғана сүйенеді. Ал, діни көзқарастағы адамның абсолюттік бейнені қабылдауы – мүлде басқаша. Діни тұрғыда адамның ақыл-ойы абсолюттікті тануға қабілетсіз және бұл Абсолюттің мәні тек Құдайдың болмысына ғана тән деген түсінік бар. Тілдегі «Құдай қаласа», «Құдай бұйырса», «дәм-тұз тартса», «дәм-тұзы жараспады», «дәм-тұзы таусылыпты», «бұйырса», «Құдай жазса», «Құдай біледі» тіркестерінің күнделікті тұрмыстағы қолданысынан ғаламның діни бейнесінің тілдік көрінісі байқауға болады. Адамның тұрмыстық өмірінде кездесетін маңызды өмірлік сәттер адамның еркінен тыс, Құдайдың еркімен ғана болып жатыр деп қабылдауы «ғаламның діни бейнесінің» сакральды көрінісі ретінде тануға болады.

Діни түсінікте әлемді Құдай жаратқан. Демек, ол әлемді «жоқтан бар еткен». Жаратылыстағы барлық нәрсе Құдайдың өмірінсіз болмайды. Дүниедегі болмыс, үйлесім, жақсылықтың бәрі Жаратушыдан. Күнделікті тіршіліктегі: «Жасаған жақсылығың менен қайтпаса, Құдайдан қайтсын», «Құдай жарылқасын», «Жаратқан жар болсын», «Періштенің құлағына шалынсын», «Құдайдың көзі тұзу болсын», «Құдай сақтасын» орыс тіліндегі «Бог даст», «Бог свидетель», «не приведи Господи», «Слава Богу», «Каждый Божий день», «Божья воля» деген поэтикалық тіркестердің семантикасынан діни сенімнің қарапайым санаға сіңіп кеткендігін көруге болады. Тұрмыстық өмірдегі аталған бірліктердің қолданысынан Жаратушының адам баласын сынақ алаңында сынға алуы Жаратушы Иенің құдыретімен болатындығы діни сана арқылы беріліп, тілде берік орныққан.

Адамзат баласының қоғамдық өмірінің бір бөлшегі дінмен тікелей байланысты. Тіл қоғамдық құбылыс, тілсіз қоғам, қоғамсыз тіл жоқ деп лингвистикалық тұрғыдан қарайтын болсақ, діннің де орны тілмен тепе-тең деп санауға болады. Яғни, қоғамды дінсіз, дінді қоғамсыз елестету мүмкін емес. Әдетте қоғамдағы дінсіздік (дінсіз қоғам, дінсіз адам), қоғамдық өмірдің бей-берекетсіздігінен хабардар етеді. Себебі ешбір діни канондарға яки діни заңдылықтарға бағынбаған орта, рухани және моральдық жағынан әлсіреген, тәртіпсіздікке жол берген (рухани мешеулік) социум болып саналады. Қандай да қоғам болмасын болмыстың тұрақсыздығы мен өзгеріске бейім келуі, бірлік пен татулықтың бұзылуы, үйлесімділік пен жақсылықтың жоғалуы - адамның Құдайдан алыстап кеткендігінен туындайды деген көзқарас қандай дінде болмасын бар қағида. Әлемді жаратқан Құдай барлық жаратылыстың мәнін ғана емес, олардың болашақ тағдырын да біледі және алдын-ала болжап, басқарып отырады деген түсінік діни санаға әбден сіңісіп кеткен.

Әлемдегі қай дін өкілдері болса да Ислам дінін ұстаушылардың «Алланы» аузына жиі алуынан сескене қарайтыны баршылық. Әсіресе «Аллаху Әкбар» сөзі басқа діншілдердің үрейін туғызатыны да жасырын емес. Мұсылмандар үшін Араб тіліндегі тілдік бірліктер «таудай мағынаның тарыдай сөзге» сыйдыруымен құнды. Әлемнің қай ұлты болса да дін мұсылман адам «Иншалла», «Мәшалла», «Бәрекалла», «Астағфирулла», «Әлхамдулилла» т.б. сөздерін әрбір іс-әрекетінде, айтар ойының алдында, кез келген істі бастарда айтатыны жиі кездеседі. Ислам дінінің ғаламдық бейнесі де осы бір сөздердің мағынасынан көрініс табады. Мәселен, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Адамдар үшін иншалла деп айтудан асқан бағыныштылықты (Аллаға мойынсұну) білдіретін сөз жоқ» деуі, «Иншалла» сөзінің мағынасы «Инша», «Алла» Аллаға тәуекел ету дегенді білдіреді, яғни «мен бір істі бастап жатырмын, бірақ бұл іс Алла тағала қаласа ғана жүзеге асады» дегенді білдіреді. Қазақша нұсқасында

«Құдай қаласа», «Құдай бұйырса», «дәм-тұз тартса», «бұйырса», «Құдай жазса» т.б. сөздері де осы «Иншалла» сөзімен жарыспалы түрде қолданыс тапты. Сонымен қатар, «Мәшалла» сөзі де «Мә», «шәә», «Алла» деген сөздердің тіркесінен тұрады. Орындалған, аяқталған іске қанағат білдіру, Аллаға ризалық айту «Алла тағаланың қалағаны осы еді, Оның қалағаны болды» деген мағынада жұмсалады. Өз тілімізде «Мәшалла» сөзінің баламасы «Құдайға шүкір», «Құдайға тәубе», «Аллаға шүкір» сияқты сөздермен қолданыс табуда. Ал, «Бәрәкәлла» сөзі қазақ тілінде «бәрекелді» сөзімен қолданыс табады, мағынасы жағынан «осы істі Алла тағала берекелі етсін» дегенге жақын. Діндегі ғаламның бейнесі оның тілдік бірліктерінен көрініс табады. Қасиетті тілін сақтап қалған діндердің ішіндегі бірегей дін - Ислам діні өзінің Араб тілімен мақтанады, себебі, қысқа сөздің ішіне мағынасы ауқымды, мұсылманның әдептілігін, сыпайылығын, Аллаға бас иетіндігін білдіретін құнды мәлімет, таза дін мұсылманның болмысы жатыр.

1. Тілге қатысты Інжілдің «Жаратылыстың бастауы» бөлімінің ең алғашқы беташар сөзі «¹Әуел баста Сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді. ²Сөз әуелден-ақ Құдайда болатын. ³Құдай бәрін Сөз арқылы жаратқан, жаратылған ештеңе де Онсыз пайда болмаған. ⁴Сөз өмірдің бастауы болған. Сол өмір адамзат үшін Нұр еді. ⁵Нұр түнекте жарқырайды, ал түнек Нұрды жеңе алған емес» деп басталады. Қасиетті Кітаптың басталуында ерекше тылсым күш бар (Жоханның ізгі хабары 1 тарау 1-5 сөйлемдер) (<http://ibt.org.ru>). Әр діндер тарапынан осы тылсым күшке талас та бар және бұл таласты жаратылыстың бастауындағы Жоханның ізгі хабары 1-5 аралығындағы сөйлемдерінің түрлі нұсқада тәржімалануын оқу арқылы көз жеткізуге болады. Жаратқан Алланың әуелде өзінің «сөз құдіреті» арқылы ғаламды жаратқаны, оған тіл бітіргені дінде анық айтылады. Қасиетті кітап ешқашан өзгерген емес, алайда адамдар тарапынан аудармаға түскен кітап, тәржімалау барысында түрлі нұсқаларды ұсынуда, осыдан адасу да орын алды. Сонымен қатар, дінде (Таурат, Жаратылыстың басатуы, 2 тарау, 19 сөйлем) Адам атаның жаратыла салысымен сөйлегенін мысал ретінде келтіреді. Алла Тағала Адам атаға мынадай тапсырма беріпті: «Жаратқан Ие топырақтан түрлі жануарлар мен сан алуан құстарды жаратыпты. Артынан, Адамға оларға ат қоюды тапсырады. Адам қандай ат қойса, олар солай аталатын болыпты. Жан-жануарларға, құстарға ат беру, сөйтіп, тілдің бір бөлігін қалыптастыру Адам атаның ең алғашқы іс-әрекеті болыпты (Киелі кітап, 1993: 9). Дегенмен, тіл атаулыны жаратқан Адам ата емес. Қасиетті кітапта тіл Адам ата жаратылмай тұрып қолданыста болғанын айтады. Алла ең бірінші күні таң ертең «жарық болсын» депті, яғни, о бастан Құдай сөйлей алды дегенді білдіреді. Алла тағала ғаламды өзінің бір сөзімен жаратты. Әр күнде ғаламның әр қабатын жаратып, соңында адамның мүсінін жасап, тіршіліктің бастауында өз пендесін сынап алуды мақсат етіпті. Бұл әрине діни философияның адамзатқа ұсынатын мәліметі. Адам баласы осы дүниетанымның күшінен дұрыс өмір сүруге қуат алып, кез келген қиындықтан өту жолында Алла деген түсінікті өзіне медеу тұтады, сынақтан сүрінбей өтуге жігерленеді. Барлық дінге ортақ нәрсе – Алланың адамды бір сөзбен жаратуы болып табылады, тек әр діннің ары қарай өрбуі әртүрлі. Оған себеп діннің дамуын әр ұлттың жеке өмір сүріп жатқан жері, тарихы, мәдениеті түрлердіріп жеберетіні. Алайда дін мен ғылымды бір-біріне қарама-қарсы қойып екі бөлек саланың мәліметтерін талдасақ, оларға ұқсас қырларын да кездестіруге болады. Мысалы, таза космологиялық ғылымның тұжырымы «үлкен жарылыс» теориясы (теория большого взрыва) барша тіршілік атауының басталуына себеп болды дейді (www.wikipedia.org). Ғылым мен діннің өзара үндестік табатын жері де осы тұста. Кез келген жарылыс белгілі бір дыбыстық (акустикалық) негізде жүзеге асады және кез келген үлкен жарылыстың артынан бірнеше жаңғырулар мен кіші жарылыстардың жалғасатыны да анық. Жарылыс – дыбыс, ал дыбыстардың бірлестігі – бүтін сөз. Сол себепті, «әуелдегі сөз – Құдайдың бұйрық сөзі» деген тұжырымының айналасында теолингвистика саласының теориясы қалыптасады. Ал, дыбыстан тілдесудің, тілдесуден толық тілдік бірліктің қалыптасу заңдылығын қазіргі уақытта жаңадан қарастырылып келе жатқан «тіл синергетикасы» теориясы толық түсіндіріп бере алады.

Нәтижелер және талқылау

Діни тұрғыдан да, ғылым тұрғысынан да қарасақ «сөз» - қасиеттілікке ие. Діндегі тіл мәселесіне профессор В.Т. Фитчтің “Тілдердің пайда болуы” деген кітабындағы келесі сөздері: «Бұған қатысты бізде әлі де толықтай сенім артуға тұрарлық жауап жоқ» деуі ғалымдар тарапынаның жауабы болып отыр. Дегенмен діндегі ізгі хабарларды, ешбір Киелі кітаптарды оқымастан-ақ, қарапайым халық түрлы аңыздарды ауыздан-ауызға таратып, тілге тиек етіп, оларға көзсіз сеніп келеді. Тіл білімінде адамды сөз арқылы сендіру, иландыру, арбау, нандырып, бір көзқарасқа ұйытып тастау сияқты тілдік қасиеттерді суггестия деп те атайды. Суггестия – тілдің көмегімен қатты сендіру, көзді байлау, сөздің магиялық қасиетінің көрінісі болмақ. Қай қырынан қарасақ та сөздік күші мықты. Әр халықта бар құбылыс суггестиялық тілдің дін арқылы жанданып, жақсы наным-сенім, адам жанын тазалыққа ұйытудан бөлек қызметі де бар. Дін мүмкіндіктерін теріс жолмен пайдалану сөздің магиясының әсерін әуелдегі жаратылған «Сөз» құдіретінің күші шексіз екенін аңғартады. Бата сөздерінде, діни тіл арқылы халықты емдеуде, бақсы, шамандардың әрекетінде, түс жоруда, құмалақ ашуда, табу, ырым-тыйым сөздерде, алғыс-қарғыс сөздерде, жалбарынуда, ант бергенде, тіпті кез келген зат, құбылыстарды атауда, сандар құпиясының жүйесінде діни суггестиялық магияның қатысы бар екені анық көрінеді. «Ғаламның діни бейнесі» күнделікті тұрмыс-тіршілікте әуел бастан-ақ бар болған, оның тілдік көрінісін діни тұрғыда зерттеу тіл мен дін бірлестігіндегі теолингвистиканың еншісінде болмақ.

«Құдайтану баяны» кітабында: «мұсылмандарға Алланы заттай бейнелеуге тыйым салған, ал христиандарда Құдайдың атын қажетсіз атай беруге шектеу қойған» (Киелі кітап, 1993: 90). Ислам дінінің ерекшелігі де, қазақ халқының құндылығы да дәл осы жерде көрініс табады. Алланы затқа теңеу, Жаратқанға серік қосу, бірнәрсеге ұқсату, балау діндегі кешірілмес күнә. Бұл әрине діндегі тазалық. Христиан дініндегідей емес, Ислам дінінде керісінше, ұлы құдіретті Алланың 99 ұлық есімдерін жаттап, мағынасын түсініп, үнемі айтып жүру Жаратқанға жағымды іс болып саналады және адам баласы Алланың ұлық есімдерін бар жанымен атау арқылы күнәсінен кешіріліп, ауруынан айығып, қиындығынан шығады деген үлкен наным бар. Дін тілі адам санасына әсер етіп қоймай, адам жанына да әсер етеді. Жүректі жібітетін де, қатайтатын да тіл құдіреті Ислам дінінде ерекше көрініс табады. Әлем тілдерінің ішіндегі ерекше тіл – араб тілі. Пайғамбарлардың соңғысы Мұхаммед (с.а.с.), қасиетті кітаптардың ақырғысы «Құран Кәрім» - адамзатқа тура жол көрсетуші, қияметке дейінгі өмір сүру жүйесі Араб тілінде түсуі бекер емес. Алла тағала Құран кәрімде: *«Расында Біз бұл Құранды адам баласына әр түрлі мысалды, олар үгіт алу үшін келтірдік. Бұл мүлтіксіз бір арапша Құран. Әрине олар сақсынар»* (Зумар сүресі, 27-28 аяттар), басқа аятта *«Ап-ашық бір арап тілінде»* (Шуғара сүресі, 195-аят.) деуі Ислам дінін ұстаушылар үшін толық дәлел болады. Ислам дінін мойындаған жерде оның қасиетті тілін де мойындау бар. Алла тағала Араб тілін сипаттағанда «баян» сөзін қолданған, мағынасы ашық, анық, айқын, қасиетті дегенді білдіреді. Араб тілі әуезді, көркем, әдеби келеді. Бұл тілді үйрену арқылы адам баласы пайғамбарымыз (с.а.с.) оның сахабалары сөйлеген тілмен сөйлейді, оның сүннетіне амал жасап, ғибратты өсиеттерінен сусындайды. Ислам дінінде жәннат тұрғындарының да сөйлейтін тілі араб тілі деген түсінік те жоқ емес.

«Ғаламның діни бейнесі» қабылдаған дініне байланысты әр ұлттың сөздік қорында өзіндік тілдік ерекшелігіне байланысты көрініс табады. «Діни лексиканың атауларын екі топқа бөлуге болады: 1) атрибутталған қасиеттері бар нақты заттарды білдіретін, мысалы, «икона», «крест», «храм», «кардинал», «монастырь»; 2) «Құдай», «періште», «жан», «керемет», «тозақ», «жұмақ» секілді гипостаздалған жаратылыстар, қасиеттер, байланыстарды білдіретіндер» (Бекмағамбетов, 1999: 112). Жеке адам дүниетанымындағы діни сана тіл арқылы құлшылық ету, дін талабы бойынша ритуал жасау, медитациялық практиканың орын алуы бара-бара топтық, кейін қоғамдық, әлеуметтік деңгейлерден өтіп адамзат дүниетанымындағы бүтін ғалам бейнесіне айналады. Ерте кезде тіл ауызша формада болды, діни сана ауызекі сөйлеу арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Кейінірек жазудың пайда болуы діни мағыналар

мен мәндерді жазба түрге сақтауға мүмкіндік берді, сөйтіп сакралды мәтіндер де пайда болды. Сөз құдіреті, сөздің дыбыстық құдіреті, оның әсері дінде көрініс тапты. Тарихтағы канондық кезде дін мәтіндерінің тілдік құдіреті діни соғыс арқылы әлемге тарай бастады. Тіпті қазір де бір діннің өзінде түрлі тәржімалау бар, сол арқылы түрлі бағыт пен түсініктер орын алуды. Бұл да, «Сөздің» құдіретін білдіреді, тілді дұрыс қолданбаған кезде тіпті бір діннің өзі тартысқа түсіп, өз ара қайшылыққа келеді.

Қорытынды

Діннің саясатпен, әлеуметпен, қоғаммен, мәдениетпен, философиямен, психологиямен, лингвистикамен байланыс деңгейі жоғары саналады. Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы ғылымдардың өзекті мәселелерінің түйінін тарқатуда яғни жауабын табу мақсатында әлемдік ғалымдар дінге жүгінуге мәжбүр болатын кездері көп болады. Ал, тілдік тұрғыдан келсек, тілдің шығу тегі, адамзаттың пайда болуы, ой, түйсік, сана, сөз құдіреті, сөздің магиясы, сөздің семантикасының бастауы т.б. басы толық ашылмаған өзекті мәселелерді зерттеуде тілдің дінге, діннің гносеологиялық алғышарттарына жүгінуді теолингвистика ғылымының объектісі болып саналады. Осы тұрғыда теолингвистика саласы сакралды діни мәтіндер (Таурат, Інжіл, Забур, Құран, Ведтер т.б.) құрамын талдау үшін ерекше теолингвистикалық және семантикалық тәсілдерді қажетсінеді.

Теолингвистика саласының қалыптасуы мен дамуы қазақ лингвистикасы үшін маңызды мәселе. Теолингвистика саласындағы діннің түпкі тілінен енген сөздерді талдауы, оларды өз тіліміздегі тілдік көрініспен салыстыруы өз дінімізді, ділімізді, тілімізді мейлінше өз болмысында сақтап қалады. Алайда діннің түпкі тілі жоғалып, өзге тілдерде тек тілдік элементтері әр түрлі нұсқада сақталып қалуы көптеген ғалымдарға тосқауыл болып отыр. Жан-жақты шашыраңқы тілдік элементтердің архетиптік мәні мен құндылығы жоғалып барады. Сонымен қатар, шынайы діннен ауытқып, өз алдына секта болған, не дәстүрден тыс культ болып қалыптасқан дін бағыттарының тілін психолингвистикалық тараптан талдау да теолингвистика саласының құзіреттілігінде.

Ғаламның діни бейнесіндегі тілдің орны, оның маңыздылығы адам баласына ортақ құндылық болып саналады. Кез келген халық ғалам бейнесінің діни сипатын санасында суреттегенде тіл универсалды-әмбебап құбылыс болып табылады. Ғаламның діни бейнесінің тілдік көрсеткішін антропоцентристік лингвистиканың позициясында зерттеу арқылы, «ғаламды», «ғаламның басты кейіпкері – адамды», «адамның адамдық көрсеткіші – тіл мен дінді» өзара сабақтастықта «Ғалам-Адам-Тіл-Дін» атты төрттағанның аясында зерттеудің нәтижесінде, адам дүниетанымындағы ғаламның діни бейнесін көрсетуге болады.

Ғаламның діни бейнесі діни таным бойынша, ғаламды (он сегіз мың әлемді) Құдай жаратқан. Адамзат баласының діни танымы мен эпикалық санасында «Құдайдың құдыреттілігі» (Құдайдың бұйрығынсыз қурай да сынбайды) ерекше культтық күшке ие болса, оның барлығы тіл арқылы, сөздің қызметі арқылы бедерленген. Демек, «ғаламның діни бейнесі» тілдік бейнелеудің нәтижесінде танылады. Ғаламның діни бейнесі тілдік бірліктердің мағыналық астарына бекітілген (кодталған). Тілдік бірліктердің мағыналық-танымдық кодын ашу арқылы, әлемнің дін арқылы бедерленген болмысы тілдің көмегімен анықталады.

Әдебиеттер

Армстронг К. (2018) Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. – Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 421 б.

Байтенова Н.Ж., Құрманалиева А.Д. (2016) Дінтану сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 1-том. – 308 б.

Бекмағамбетов Ш. (1999) Тілдік таным негіздері және тілдік символдар. – Алматы: Ғылым, 1999. - 215 б.

Жиренов С.А. (2011) Когнитивтік лингвистика (Оқу құралы) – Алматы: Ұлағат, 2011. - 108 б.

Институт перевода Библии сайт [электрондық дерек]. Қолжетімділік: <http://ibt.org.ru/ru/text?m=KAZ&l=John.1.1.3&g=1>

Колшанский Г.В. (1990) Объективная картина мира в познании и языке. – Москва: Наука, 1990. – 108 с.

Киелі кітап (Таурат, Забур және Інжілден алынған таңдамалы жазбалар). (1993) – Стамбул: Жаңа өмір, 1993. – 461 б.

References

Armstrong, K. (2018). Iudaizm, hristiandyk pen islamdagy 4000 zhyldyk izdenis: Kudajtanu bajany – Astana: Ulttyk audarma bjurosy, 2018. – 421 p. [Armstrong, K. 4000 years of search in Judaism, Christianity and Islam: a theory of theology – Astana: Ulttyk audarma bjurosy, 2018. – 421 p.]. (in Kazakh).

Bajtenova, N. Zh., Kurmanalieva, A. D. (2016.). Dintanu sozdigi. – Almaty: Kazak universiteti, 2016. 1 T. – 308 p. [Bajtenova, N. Zh., Kurmanalieva, A. D. Religious dictionary. – Almaty: Kazak universiteti, 2016. 1 T. – 308 p.]. [in Kazakh].

Bekmagambetov, Sh. (1999). Tildik tanym negizderi zhane tildik simvoldar – Almaty: Gylym, 1999. – 2015 p. [Bekmagambetov, Sh. Language basics of worldview and symbols. – Almaty: Gylym, 1999. – 2015 p.]. [in Kazakh].

Zhirenov, S. A. (2011). Kognitivtik lingvistika. – Almaty: Ulagat, 2011. – 108 p. [Zhirenov, S. A. Cognitive linguistics. – Almaty: Ulagat, 2011. – 108 p.]. [in Kazakh].

Institut perevoda Biblii [Institute of translation of Bible] / Retrieved from: <http://ibt.org.ru/ru/text?m=KAZ&l=John.1.1.3&g=1>

Kolshanskij, G. V. (1990). Obyektivnaja kartina mira v poznanii i jazyke. – Moskva: Nauka, 1990. – 108 p. [Kolshanskij, G. V. Objective picture of the world – Moskva: Nauka, 1990. – 108 p.]. [in Russian].

Kieli kitap (Taurat, Zabur zhane Inzhilden alyngan tandamaly zhazbalar). (1993). – Stambul: Zhana omir, 1993. – 461 p. – [Holy book (selected writings from the Torah and Psalms). – Stambul: Zhana omir, 1993. – 461 p.] [in Kazakh].

\